

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қарашадағы N 1150 Қаулысы

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 7-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Оңтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) оған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Мақтаарал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайтуға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 92800000 (тоқсан екі миллион сегіз жүз мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

3. Кәсіпорынның жарғылық капиталы 92800000 (тоқсан екі миллион сегіз жүз мың) теңгеге ұлғайтылсын.

4. Кәсіпорынға заңнамада белгіленген тәртіппен "Мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - еншілес кәсіпорын) осы қаулының 2 және 3-тармақтарында көзделген қаражат мөлшерінде және есебінен еншілес кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыра отырып, құруға рұқсат берілсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген **т ә р т і п п е н :**

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізілсін;

2) кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде:
реттік нөмірі 19-жол алынып тасталсын.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК